

ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
МАҢГЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ

2007 ж. «24» 08  
ЗАНДЫ ТҮЛГА МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚАЙТА ТІРКЕУДЕН ӨТКІЗІЛПІ  
№ 114-1943-07 МКК КУӘЛІК БЕРІЛДІ  
АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 20.12.2001



Маңгыстау облысының әкімдігінің  
2017 жылғы «05» маусымы  
№ 140 қаулысымен бекітілген

**Маңгыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет  
Тұрмағанбетұлы атындағы Маңгыстау индустріалды  
техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық  
кәсіпорынның**

**ЖАРҒЫСЫ**

- Ұйымдық-құқықтық нысаны:** мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
- Мемлекеттік меншік түрі:** коммуналдық
- Құрылтайшысы:** Маңгыстау облысының әкімдігі
- Орналасқан жері:** 130200, Қазақстан Республикасы,  
Маңгыстау облысы, Жаңаөзен қаласы,  
«Көктем» ш/ауданы, құрылыш 9А

2017 жыл

## **I. Жалпы ережелер**

1. Маңғыстау облысы Білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустримальды-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Жаңаөзен мұнай және газ колледжі КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігінің 1985 жылғы 16 наурыздағы №154 бүйрекшімен құрылған. ҚР Білім министрлігінің 11.12.95 ж. № 312 бүйрекшімен Жаңаөзен мұнай техникумы Жаңаөзен мұнай және газ колледжі болып ауыстырылды. ҚР Үкіметінің 21.04.99 ж. № 441 қаулысы негізінде Жаңаөзен мұнай және газ колледжіне Оразмағанбет Тұрмағанбетұлының аты берілді.

Кәсіпорын Маңғыстау облысы әкімдігінің 2017 жылғы «05» маусым № 140 қаулысының негізінде қайта аталды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Маңғыстау облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорын мүлкіне қатысты мемлекеттік коммуналдық меншік құқығына субъекті құқығын Маңғыстау облысының әкімдігі (бұдан әрі – құрылтайшы) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Маңғыстау облысының Білім басқармасы (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

мемлекеттік тілде: Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустримальды техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

орыс тілінде: Государственное коммунальное казенное предприятие «Мангистауский индустрально - технический колледж имени Оразмаганбет Турмаганбетулы» Управления образования Мангистауской области.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 130200, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Кектем шағын ауданы, құрылыш 9А.

## **II. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

8. Мемлекеттік кәсіпорын мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы жазылған бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын Маңғыстау облысы әкімдігінің келісімімен басқа заңды тұлғаны құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндettі түрде мемлекеттік және өзге тіркеуге жататын азаматтық – құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген кезінен бастап жасалынған деп есептеледі.

12. Кәсіпорын өз атынан мұліктік және мұліктік емес жеке құқықтар мен міндettтерге ие болады, оларды жүзеге асырады, сotta талапкер және жауапкер болады.

13. Кәсіпорын міндettемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді.

### **III. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары, міндettterі және нысанасы**

14. Кәсіпорынның басты міндettі ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтардың, ғылым мен практиканың жетістіктері негізінде жеке тұлғаның кәсіби жетілуіне қажетті жағдайларды қалыптастыру арқылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

15. Кәсіпорынның басым міндettterі болып табылады:

жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және күш-куат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

жеке тұлғаны азаматтық пен патриотизмге, Отанды сүюге, Қазақстан Республикасының рәміздерін құрметтеуге, ұлттық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

нақты мамандық және кәсіп бойынша қажетті теориялық білімдері мен практикалық дағдылары қалыптасқан техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар білікті мамандарды дайындау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру;

жұмыс берушілер мен еңбек нарығының талаптарын ескере отырып білікті мамандарды даярлаудың сапасын үнемі жетілдіру;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім білім беруді ақпараттандыру, жаңа технологияларын енгізу, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;

16. Кәсіпорын өз қызметін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында жүзеге асырады.

17. Кәсіпорын білім беру есебінен және өзге де ақылы қызмет көрсету арқылы табыс әкелетін қызметпен айналыса алады.

18. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын және өзге де Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта

білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының Үлгі ережесін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

19. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген, өз қызметінің мәні мен мақсатына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ.

20. Қазақстан Республикасының заңында немесе құрылтай күжаттарында шектеулер белгіленген, не болмаса директордың жарғылық құзыretін бұзу арқылы Кәсіпорынның қызмет мақсатына қайши жасалған мәміле, тиісті саланың уәкілетті органының немесе құрылтайшының, не болмаса прокурордың талап қоюы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

21. Директордың Кәсіпорынның жарғыға жатпайтын қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттерін бұзу болып табылады, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### **IV. Білім беру процесінің мақсаты, білім беру бағдарламаларының тізбесі**

22. Кәсіпорын білім беру процесінің мақсаттары:

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкес техникалық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандарын, білікті кадрлар даярлау;

орта және бастауыш кәсіби білімі бар адамдарды қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру;

өзге де білім деңгейіндегі адамдарды кәсіби дайындау, қайта даярлау;

уақытша жұмыссыз қалған тұлғалардың әлеуметтік бейімделу және бағдарлануы, жұмыссыздықтың алдын алу және оны жою, тұрғындардың еңбекпен қамтылуын жоспарлы турде қамтамасыз ету үшін мемлекеттік билік органдарына жәрдемдесу;

республикадағы әлеуметтік - экономикалық қатынастарды жаңартуға, оның әлемдік шаруашылық және құқықтық процестерге тезірек әрі қыындықсыз енуіне көмектесу болып табылады.

23. Кәсіпорын орта кәсіптік білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады, оның мазмұны мамандық бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес реттеледі.

24. Кәсіпорында орта кәсіби кадрларды даярлау мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарымен белгіленген оқытуудың мазмұны мен оқыту мерзімдері бойынша жүзеге асырылады.

Бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары болмаған кезде Кәсіпорынның жұмыс бағдарламаларын әзірлеу үшін, ҚР МЖМБС негіз болып табылды, үлгілік бағдарламалар болмаған жағдайда жұмыс бағдарламалары Кәсіпорын мамандарымен дербес әзірленеді және стандарт талаптары мен үлгілік оқу бағдарлама талаптарына сәйкестендіріледі.

## **V. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі**

25. Жеке арызы бойынша директордың бүйрығымен оқуға қабылданған адам білім алушы болып табылады. Қабылдау емтихандарынан табысты өткен Қазақстан Республикасының азаматтары, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ адамдар Кәсіпорынға білім алушы болып қабылданады.

26. Оқуға қабылдау тәртібі техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі Ережесіне сәйкес белгіленеді.

27. Кәсіпорынға қабылдаған азаматтарды және олардың ата-аналарын немесе өзге де занды өкілдерді Кәсіпорын Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін лицензиясымен және оқуға қабылдау мен оқу тәрбие беру процестерін ұйымдастыру тәртібін реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндettі.

28. Ақылы оқуға қабылдаудың құрылымын, санын және қабылдау тәртібін білім беру қызмет жүргізу құқығын беретін лицензияға сәйкес Кәсіпорын дербес өзі белгілейді.

29. Оқуға қабылданғаннан кейін білім алушыларға студенттік билет және белгіленген үлгідегі сынақ кітапшасы беріледі.

## **VI. Білім беру процесін ұйымдастыру**

30. Кәсіпорын оқу процесін ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының ұздіксіз білім беру және оқу бағдарламаларының сабактастығы туралы ережелерінің негізінде жүзеге асырады.

31. Білім беру бағдарламаларының негізгі мазмұны мемлекеттік жалпы білім стандарттарының негізінде әзірленген үлгі оқу жоспарлары мен бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

32. Кәсіпорын үлгі жоспарлар мен бағдарламалар негізінде оқудың жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларды әзірлейді және бекітеді.

33. Оқыту білім алушылардың тандауы бойынша мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

34. Оқу жылының ұзактығы оқу жоспарларымен (мамандық және оқыту түрлеріне байланысты) анықталады.

35. Оқу жылының басында барлық мамандықтар және оқыту түрлері бойынша оқу жоспарларының негізінде директордың бүйрығымен бекітілетін оқу процестерінің кестелері жасалады. Мамандықтар бойынша, оқу жоспарларына сәйкес, оқу процесі 01 қыркүйекте басталып, 30 маусымда аяқталады.

36. Білім алушыларға қысқы мерзімде қантарда ұзактығы 2 апта, жазғы мерзімде 8 апта каникул беріледі.

37. Кәсіпорында оқу сабактарының мынадай түрлері белгіленеді:  
теориялық және тәжірибелік сабактар, семинарлар, лекциялар;  
бақылау жұмыстары, тәжірибе.

38. Білім алушылардың апталық жүктемесі алты күндік жұмыс апталығында 36 сағаттан, ал факультативтік сабактарын есептеуімен-40 сағаттан аспауы тиіс. Оқу сағатының ұзактығы 45 минутқа және қосарланған сабак 15 минуттық үзілістерімен 90 минутқа созылады.

39. Білім алушылардың практикасы жасақталған шарттар негізінде ұйымдастырылады.

40. Оқушыларға кәсіпорында билет беріледі және белгіленген үлгідегі оқушылардың үлгерімін тапсырады.

41. Техникалық және кәсіптік білім беру Кәсіпорнында мамандықтар бойынша күндізгі оқу түріндегі оқу топтары 25 адам, өндірістен қол үзбей оқитындарда 15-20 адам болып жинақталады.

## **VII. Оқушылардың біліміне ағымдағы бақылау, аралық аттестация жүргізу жүйесі, олардың түрлері мен өткізу тәртібі**

42. Ағымдағы бақылау пәндер бойынша практикалық және семинарлық сабактар жоқ болған жағдайда оқытушының оқу бағдарламасында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын тексеруі арқылы жүзеге асырылады.

43. Білім алушыларды аралық аттестаттау мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады, курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау, сынақтар және емтихандар нысанында, сондай-ақ сынақтар және курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау емтихандар басталғанға дейін өткізіледі. Курстық жобалар (жұмыстар) аталған пән бойынша курстық жобаны (жұмысты) орындау үшін жеткілікті білімді менгеруді қамтамасыз ететін пәннің теориялық бөлімі немесе тарауы аяқталғаннан кейін орындалады.

44. Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды қабылдау) сол пәннен семестр бойы (жарты жылдық) сабак берген оқытушы немесе білім беру үйимы басшысының тапсырмасы бойынша осы пәннің бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар оқытушы жүзеге асырады.

45. Аралық аттестаттауға барлық практикалық, зертханалық, есеп айырысу-кешелік және курстық жұмыстарды (жобаларды), сынақтарды толық орындаған және әрбір пән бойынша типтік оқу бағдарламаларына сәйкес ағымдағы білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз баға алмаған білім алушылар жіберіледі.

46. Ағымдағы аттестацияның нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушылар оларды 2 апта ішінде түзетуге құқығы бар, пәндер

бойынша сынақтарды тапсырмағандар семестрлік емтихандарды тапсыруға жіберілмейді.

47. Оларға ағымдағы үлгерім бойынша тапсырмаған пәндерін, сынақтар және емтихандық сессияны тапсыру кезінде, сонымен қатар каникул уақытында, соңғы емтиханнан кейінгі 10 күннің ішінде тапсыру құқығы беріледі.

48. Жазғы емтихандық сессияның (курстан - курсқа көшу) нәтижелері бойынша бір пәннен қанағаттанарлықсыз баға алған оқушылар 15 қазанға дейін қарыздарын жою шартымен келесі курсқа жіберіледі.

49. Жазбаша емтихан (тест тапсырмалары) жұмыстары білім беру үйімінде мөртабаны қойылған қағаздарда орындалады.

50. Арапық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды) өткізу кезінде Кәсіпорын басшысының рұқсатынсыз (оку ісі, әдістемелік жұмыстар жөніндегі басшының орынбасарынан, білім менгерушісі мен пәндік-циклдік комиссияның төрағасынан (төрайымынан) басқа) бөгде адамдардың қатысуына болмайды.

51. Сырқаттануына байланысты немесе басқа да дәлелді себептермен арапық аттестаттаудан өтпеген білім алушыларға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім білім беретін оку орнының басшысы оны тапсыруға жеке мерзім белгілейді.

52. Білім алушылардың білімі, білігі мен дағдылары құжаттарда мынадай бағалармен анықталады: 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз).

Баға емтиханда немесе пәнді оқып біткеннен кейін (тәжірибеден өткеннен соң) білім алушылардың оку жұмыстарын ағымдағы бақылаудың нәтижесі негізінде қойылуы мүмкін.

53. Ағымдағы үлгерімнің нәтижесі бойынша қойылған бағамен келіспеген білім алушыға колледж директорының бүйрығымен құрылған комиссияға сол пән бойынша емтихандарды қайта тапсыру құқығы беріледі.

Арапық аттестаттау қорытындылары бойынша үшеуден артық қанағаттанарлықсыз деген баға алған білім алушылар педагогикалық кеңестің шешімі бойынша, Кәсіпорын басшысының бүйрығымен білім беру үйімінан шығарылады.

54. Ағымдағы семестрдің пәндері бойынша зертханалық, практикалық, есептік-графикалық және курстық жұмыстарды (жобалар), сынақтарды "өте жақсы" деген баға тапсырған үздік білім алушыларға ағымдағы оку сабактарынан қол үзбей, мерзімінен бұрын арапық аттестаттаудың емтихандарын Кәсіпорын басшысының бүйрығымен рұқсат беріледі.

55. Білім алушыларды қорытынды аттестаттау арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихан тапсыру және/немесе диплом жобасын (жұмысын) қорғау нысанында өткізіледі.

56. Оку жоспарлары мен бағдарламаларының барлық талаптарын орындаған білім алушыларға Мемлекеттік біліктілік комиссиясының

шешімімен алған мамандық бойынша біліктілік беріліп, Кәсіпорынды бітіргені туралы диплом тапсырылады.

Дипломның қосымшасында білім алушылардың бүкіл оқыту кезінде оқып-үйренген барлық пәндердің бағалары көрсетіледі.

57. Диплом жобасын қорғау немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған тұлғаға тек оның алдыңғы қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз баға алған нысаны бойынша қорытынды аттестаттаудың келесі кезеңіне кайта тапсыруға рұқсат етіледі. Қорытынды емтиханды қайта тапсыру "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған пән бойыншаған жүргізіледі.

Комиссия білім алушыға комиссия белгілеген бұрынғы жұмысын қайта қорғауға немесе жаңа тақырып әзірлеуге ұсынады.

Диплом жобасын қайта қорғаудан немесе қорытынды емтихан тапсыру кезінде "қанағаттанарлықсыз" деген баға алған білім алушыға мамандығы (кәсібі) бойынша оқу курсын толық аяқтағандығы туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

58. Білім мен біліктілікті бақылаудың аяқталу түрлерін қосқанда, оқу пәндерінің 75%-тен жоғары «5» бағасын және қалған пәндерден «4» алған білім алушыларға үздік диплом беріледі.

Үздік диплом алу үшін емтихандарды, сынақтарды қайта тапсыру бөлім менгерушісінің қолдауымен, директордың оқу іci жөніндегі орынбасарымен келісіліп, директордың жазбаша рұқсатымен екі пән бойыншаған тек «жақсы» бағасынан «өте жақсыға» тапсыруға мүмкіндік беріледі.

«Қанағаттанарлық» білім бағасын одан жоғарылау бағаға қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

### **VIII. Ақылы білім беру қызметін көрсету тәртібі**

59. Кәсіпорын ақылы білім беру қызметтерінің келесі түрлерін көрсетеді:

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру;

дайындық курсарын ұйымдастыру және өткізу;

бастауыш кәсіптік білім беруге оқыту;

орта білім мамандары мен жұмысшы кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау курсарын ұйымдастыру және өткізу;

инженерлік-педагогикалық құрамның біліктілігін арттыру курсарын ұйымдастыру және өткізу;

оқу-консультациялық, компьютерлік, интернет және көшіру-көбейту қызметтерін көрсету;

балалардың денсаулығын нығайту және қорғауға бағытталған қосымша дene тәрбиесі - сауықтыру бағдарламалары бойынша қызмет көрсету;

білім алушылар арасында спорттық-бұқаралық іс-шараларды үйымдастыру, төрешілік ету, қатысуышыларды тамақтандыру қызметтерін көрсету.

60. Аталған білім беру қызметтері, орындаушы ретінде Кәсіпорын және тапсырыс беруші арасында жазбаша нысанда жасалған шарт негізінде алдын ала ақысын төлеу арқылы көрсетіледі.

#### **IX. Кәсіпорын мен білім алушылардың, олардың ата-аналарының және басқа заңды өкілдерінің қарым-қатынастарының тәптіптері мен рәсімделуі**

60. Кәсіпорын білім алушыларының құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңымен, осы Жарғымен белгіленеді.

61. Кәсіпорын Жарғысында қаастырылған міндеттерді бұрмалаушылықтар үшін және ішкі тәртіп ережелерін мен оку жоспарын орындамаған жағдайда білім алушыларды Кәсіпорыннан шығаруға дейін баратын тәртіптік ықпал жасау шаралары қолданылуы мүмкін.

62. Білім алушыларды Кәсіпорыннан шығару:

өз тілегі бойынша;

дәрігерлік консультациялық комиссияның қорытынды-анықтамасы негізінде денсаулығына байланысты;

басқа оқу орнына аудиосына байланысты;

аралық аттестаттау нәтижелері бойынша академиялық үлгермеушілігі үшін;

сабактан үнемі дәлелсіз себептермен қалғаны үшін;

оку тәртібін, Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін, Жарғыны бұзғаны үшін;

Әскери Күштер қатарына шақырылғанда;

окудың ақысын уақытында төлемегендеге, білім алушы қыскы және жазғы емтихандық сессияларға, мемлекеттік емтихандарға және диплом жобасын қорғауға жіберілмейді, одан кейін Кәсіпорыннан шығарылады.

63. Білім алушыларды Кәсіпорынға қайта алу төмендегіше жүргізіледі:

окушылардың өтініші бойынша;

Әскери Күштер қатарынан босатылғаннан кейін;

ДТК қорытындысына сәйкес денсаулығы қайта қалпына келгеннен кейін;

окуға қарызын өтегеннен кейін.

64. Білім алушылар қатарына қайта алу:

оку орындарынан бұрын шығарылғандар окудағы үзіліс ұзақтығына, шығарылу себептеріне және еңбек өтілінің бар-жоқтығына қарамастан директордың бұйрығымен окудуң барлық түрлеріне білім алушылар қатарына қайта алынады;

директор екі апта мерзімде ауыстыру немесе қайта алу туралы өтінішті қарап, окуға қабылдаудың мерзімін, курсты және басқа жағдайларды анықтауға немесе окуға қабылданбауының себебін көрсетуге міндетті.

65. Білім беру ұйымдарында бір мамандықтан екінші мамандыққа немесе окудың бір нысанынан екіншісіне ауысу Кәсіпорын басшысының бүйрығымен жүргізіледі.

66. Егер білім алушы білім беру ұйымымен білім беру қызметтерін көрсету туралы жеке шарт жасаса, онда оның басқа білім беру ұйымына немесе бір мамандықтан екіншісіне ауысуы үшін аталған шарттың өзгертілуі немесе бұзылуы қажет.

67. Білім алушыларды курстан курсқа, бір білім беру ұйымынан екіншісіне, бір оқу нысанынан екінші нысанға, бір тілдік бөлімнен екінші тілдік бөлімге, бір мамандықтан екінші мамандыққа, ақылы негізде окудан мемлекеттік білім беру гранты бойынша окуға ауыстыруға төрт оку пәнінен аспайтын академиялық айырмашылық болғанда жол беріледі.

68. Білім алушының ата аналары қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру саласындағы міндеттерін тиісті дәрежеде орындағаны үшін жауапкершілік артады.

## X. Кәсіпорынның мүлкі

69. Кәсіпорынның мүлкін құны оның тенгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

70. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталда қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

71. Кәсіпорынның мүлкі:

оған меншік иесі берген мүліктің;

өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің;

Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған, өзге де қаражат көздердің есебінен қалыптастырылады.

Үәкілетті органның рұқсатынсыз, кәсіпорынның негізгі қорларына жататын мүлікті келісім-шарт негізінде сатып алуға, сатуға, айырбастауға, сыйлауға немесе өзгедей мәмілелер жасауға құқығы жок.

72. Кәсіпорынның қарамағында тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметтің қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлік болуы мүмкін.

73. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше қарастырылмаса аталған заттың құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде меншік құқығын, өзге де заттың құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіпте жүзеге асырылады.

74. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың нәтижелері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорынның шарттары немесе өзге де негіздері бойынша алынған мүлкі Қазақстан Республикасы заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппе Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

75. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгедей белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесін Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

76. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негіздер бойынша тәртіппен, сондай-ақ осы Жарғының 78,79 тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

77. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, құрылтайшы тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорыннан бекітілген мүлікті алып қоюға, не оны өзі құрган заңды тұлғалар арасында кайта бөлуге құқылы.

78. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде құрылтайшы Кәсіпорынға оны өзге тұлғага бергенге дейін ұсталуын және сакталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

79. Кәсіпорынның негізгі құралдарына жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті құрылтайшының жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

80. Кәсіпорын өзіне жедел басқару құқығында өзіне бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## XI. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

81. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

82. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес сатып өткізеді.

83. Кәсіпорынның өндіретін және өткізілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

84. Қазақстан Республикасы заңнамасында тыйым салынған және Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан алынған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көрсету нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасы заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджеттен алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік

есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да бюджетке алып қоюға жатады.

85. Кәсіпорынның жарғалық капиталы меншік иесімен жарғылық қызметті жүзеге асыру басқаруға алған мүлікпен қалыптасады.

## **XII. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру көздері**

86. Кәсіпорынның негізгі қаржыландыру көздері:  
мемлекеттік білім беру тапсырысын бюджеттік қаржыландыру;

Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ақылы қызметтер көрсетуден түскен кірістер;

демеушілік және қайырымдылық көмек, өтеусіз аударымдар мен қайырмалдықтар, гранттар болып табылады.

87. Кәсіпорынды қаржыландыру мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жүзеге асады.

## **XIII. Кәсіпорынды басқару**

88. Құрылтайшы Кәсіпорынға қатысты келесі функцияларды орындаиды:

кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

Кәсіпорын мүлкін пайдалану туралы, соның ішінде оны кепілге, жалға беру, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқару туралы шешімдер қабылдайды;

Кәсіпорын мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

89. Тиісті саланың үәкілетті органы:

Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен директорды тағайындаиды және оны аттестаттаудан өткізеді;

Кәсіпорын мүлкінің пайдалануына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

Кәсіпорынның таза табыстың бір бөлігін бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

Кәсіпорынның директорының ұсынысы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

Кәсіпорынның жылдық енбекке ақы төлеу мөлшерін белгілейді;

Жыл сайын Кәсіпорынның енбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

Кәсіпорын директорының, оның орынбасарының және бас бухгалтердің лауазымдық жалақыларының мөлшерін, оларға сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

Қазақстан Республикасы заңнамасымен оның құзіретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

90. Занды тұлға ретінде Кәсіпорынның органды оның директоры болып табылады.

91. Директордың айрықша құзіретіне мыналар жатады:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген шектерде Кәсіпорын мүлкіне билік етеді;

Шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

Кәсіпорынның қолданыстағы зандарға сәйкес сенімхатсыз әрекет етеді, барлық мемлекеттік органдар мен үйымдарда Кәсіпорын атынан өкілдік етеді, Банктік шоттар ашады;

Сенімхаттар береді;

Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеген шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе, оларға ынталандыру шараларын қабылдайды, жазалау шараларын қолданады.

Белгіленген енбекақы төлеу қоры шегінде енбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық жалақының мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді.

Өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерін қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

Өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзіретін және функционалды міндеттерін белгілейді;

Кәсіпорында сыйайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті үйымдастыруға дербес жауапты болады;

оку-тәрбие процесінің жай-күйіне, мамандардың сапалы даярлануына және Қесіпорынның жалпы жұмыс жағдайына жауапты болады; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

92. Тиісті саланың уәкілетті органы Қесіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы рәсімдейді;

93. Қесіпорынның директоры Қесіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне, мүлкінің сақталуына дербес жауапкершілік артады;

94. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген құзыретінің шегінде кадрлар, тәрбие, қаржылық және ұйымдастыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

95. Білім алушыларға сабак беру мен тәрбиелеуді, әдістемелік жұмыстарды, жетілдіру, оқытушылардың педагогикалық шеберліктерін арттыру мақсатында қесіпорынның педагогикалық және басқа қызметкерлерін біріктіретін органдар:

- педагогикалық кеңес;
- әдістемелік кеңес;
- пәндік-циклдық комиссиялар құрылады.

96. Қесіпорында «Мұнай-газ өндірісі» Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі құрылған (бұдан әрі РОӘБ).

97. РОӘБ Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің бүйірімен құрылады, қайта ұйымдастырылады және таратылады;

98. РОӘБ өз қызметін КР нормативтік құқықтық актілерге, КР БФМ бүйіріктарына, техникалық және кәсіптік білім ұйымдарының Республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктер туралы Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

99. РОӘБ негізгі міндеттері болып табылады:

мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының техникалық және кәсіптік білім беру, орта білімнен кейінгі білім беру үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламаларын, үлгілік оқу бағдарламаларын, пәндер бойынша интеграцияланған білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ басқа да оқу-бағдарламалық күжаттамаларды жұмыс берушілермен бірлесіп, жобаларын әзірлеуге қатысу;

РОӘБ құзыретіне жатқызылған бейіндер бойынша (кәсіптер/мамандықтар) білім беру мазмұнын дамыту және сапасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға қатысу;

іс-қимылды үйлестіру және дамыту дайындау РУМО;

100. Қойылған міндеттерді шешу үшін РОӘБ мынадай функцияларды орындайды:

тиісті оқу-бағдарламалық база және қажетті оқу-әдіstemелік әдебиеттерге сәйкес бейіндер мен мамандықтардың бағыттары бойынша тізбелерін қалыптастырады;

катысады:

- техникалық және кәсіптік білім беру мәселелері бойынша оқу-әдіstemелік құжаттар жобаларын және жұмыс берушілер сараптамасы бойынша кәсіби стандарттарды дайындауға және сараптауға;

- инженер- оқытушылар құрамын және өндірістік оқу шеберлердің биліктілігін арттыру және қайта дайындау үшін бағдарламаларын дайындауға;

- оқу, оқу-әдіstemелік әдебиеттерге, соның ішінде баспаға дайындалған қолжазбаларға (ақылы негізде) оқу-әдіstemелік бірлестіктің белгісін қойып, шікір жазуға;

- техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үдерісін оқу - әдіstemелік және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жолдарын жетілдіру туралы ұсыныстар береді;

білім беру мекемелерінің жұмыс берушімен және өзге де ұйымдармен өзара іс-кимылын ұйымдастырады

#### XIV. Кәсіпорын қызметкерлерінің штатын жасақтау тәртібі, еңбек ақы төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері.

101. Кәсіпорын әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы еңбек катынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және осы Жарғымен, ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады;

102. Кәсіпорынның жұмыс режимі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс;

103. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын уәкілетті органы белгілейді.

104. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық жалақы мөлшерін, сыйақы беру және өзге сыйақы жүйесін, белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындауды.

105. Кәсіпорын директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық жалақысының мөлшерін, оларға сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

106. Педагог қызметкердің:

Кәсіби қызметіне арналған жағдаймен қамтамасыз етіле отырып, педагогтік қызметпен айналысуға;

Тиісті білім беру деңгейіндегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптары сақталған кезде педагогтік қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін тандауға;

Ұзактығы төрт айдан аспайтын, бес жылда кем дегенде бір рет біліктілігін арттыруға;

Жеке педагогтік қызметке;

Кәсіпорынды басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

Педагогтік қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық көтермеленуге;

Озінің кәсіби ар намысы мен қадір- қасиетін қорғауға;

Ғылыммен айналысу үшін педагогтік өтілі сақталатын шығармашылық еңбек демалысына;

Занмен белгіленген тәртіппен, Кәсіпорын әкімшілігінің бұйрықтары мен екімдеріне шағымдануына құқығы бар.

107. Педагог қызметкер:

Озінің кәсіптік құзіреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын менгеруге;

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтаасыз етуге;

білім алушыларды жоғары имандылық, ата аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету рухында, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;

білім алушылардың өмірлік дағдыларын, біліктіліктерін, өздігінен жұмыс істеуң, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;

педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;

білім алушылардың және олардың ата аналарының абыройы мен қадір қасиетін құрметтеуге міндетті.

108. Міндеттері мен педагогтік әдеп нормаларын бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жауаптылықта тартылуы мүмкін.

109. Кәсіпорында жұмыс істеуге педагогтік қызметіне сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған адамдар, сондай ақ занда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сottылығы бар адамдар жіберілмейді.

110. Кәсіпорын қызметкерлерлерінің Қызметкерлердің нақты міндеттері еңбек шартының талаптарымен реттеледі.

111. Қазақстан Республикасының зандарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог қызметкерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жок жұмыс түріне тартуға жол берілмейді.

117. Педагог қызметкерлердің білім беру процесін саяси үгіттеу, діни насиҳат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының

заннамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелуе пиғылымен пайдалануына тыйым салынады.

#### **XV. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заннамасына және қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорын бастығы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

#### **XVI. Кәсіпорынның Жарғысын өзгерту тәртібі**

120. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүргізіледі.

121. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Кәсіпорын ол туралы тіркеу органын бір ай мерзімде хабардар етеді.

#### **XVII. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

122. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Маңғыстау облысы әкімдігінің қаулысы негізінде жүргізіледі.

123. Кәсіпорын Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінде көзделген басқа да негіз бойынша таратылуы мүмкін.

124. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды Маңғыстау облысы әкімдігі жүргізіледі.

125. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейінгі қалған мүлкін құрылтайшы қайта бөледі.

126. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейінгі қалған мүлкі мен ақшалай қаражаты облыстық бюджеттің кірісіне аударылады.

#### **XVIII. Қорытынды ережелер**

127. Осы Жарғы мемлекеттік тіркеуден өткізілген кезден бастап өз күшіне енеді.

Утверждено  
постановлением акима  
Мангистауской области  
от «05 » июня 2017 года №90

## УСТАВ

**Государственного коммунального казенного предприятия  
«Мангистауский индустриально-технический колледж  
имени Оразмаганбет Турмаганбетулы»  
Управления образования Мангистауской области**

**Организационно-правовая  
форма:**

Государственное коммунальное  
казенное предприятие

**Вид государственной собственности:** коммунальная

**Место нахождение:**

Республика Казахстан,  
130200 Мангистауская область,  
город Жанаозен, мкр. «Коктем»,  
строение 9А

2017 год

## **I. Общие положения**

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Мангистауский индустриально - технический колледж имени Оразмаганбета Турмаганбетулы» Управления образования Мангистауской области (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Предприятие создано в соответствии с приказом от 16 марта 1985 года №154 Министерства нефтяной промышленности и переименовано на основании приказа Министерства образования РК за № 312 от 11.12.95 года в Жанаозенский колледж нефти и газа. На основании постановления правительства РК от 21.04.99 года за № 441 Жанаозенскому колледжу нефти и газа присвоено имя Оразмаганбет Турмаганбетулы. Предприятие переименовано на основании постановления акимата Мангистауской области от «05» июнь 2017 года № 140

3. Учредителем Предприятия является акимат Мангистауской области.

4. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет акимат Мангистауской области (далее - учредитель).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является Управление образования Мангистауской области (далее - уполномоченный орган).

6. Наименование Предприятия:

на государственном языке: Маңғыстау облысының білім басқармасының «Оразмағанбет Тұрмаганбетұлы атындағы Маңғыстау индустралды-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны;

на русском языке: Государственное коммунальное казенное предприятие «Мангистауский индустриально - технический колледж имени Оразмаганбет Турмаганбетулы» Управления образования Мангистауской области.

7. Место нахождение Предприятия: 130200, Республика Казахстан, Мангистауская область, город Жанаозен, микрорайон Коктем, строение 9А.

## **II. Юридический статус Предприятия**

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением

Государственного герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Предприятие может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица с согласия акимата Мангистауской области.

